

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№115

2022 жылғы 18 наурыз

**Әкімдердің халықпен кездесулерінің
икемді жылдық күнтізбесін келісудің
кейбір мәселелері туралы**

Облыстық мәслихаттың кезекті және кезектен тыс сессияларын өткізу мәселесін реттеу, сондай-ақ әкімдердің халықпен кездесулерінің икемді жылдық күнтізбесін келісу және оны түзету кезінде уақытты үнемдеу мақсатында және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 19-бабының 3-тармағының 11) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулер өткізу туралы» Жарлығының 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Әкімдердің халықпен кездесулерінің икемді жылдық күнтізбесін келісу және қажет болған жағдайда оны түзету жөніндегі өкілеттіктер облыстық мәслихаттың хатшысына берілсін.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А.НУГМАНОВ